

## ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ФОНЕТИКА САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ақтөбе қаласы «№13 орта мектебі»КММ,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
Давлетова Айсулу Габдилькаримовна

Кез келген ғылым саласының бастауында ғасырлар бойы маңыздылығын жоймайтын, уақыт өткен сайын, іздене үңілген сайын келер ұрпақ тың ой, терең пайымдау, жаңа білім табатын ғұмырлық еңбектер болатындығы белгілі. Мұндай еңбектердің қатарына ХХ басында-ақ қазақ тіл білімінің негізін қалауға айрықша үлес қосқан аса көрнекті тілші-ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың зерттеулері жатқызылады.

Аз ғұмыр, қысқа уақыт ішінде қазақ филологиясында мол үлес қосып, қомақты мұра қалдырған талантты ғалымның еңбектері 1937 жылдан кейін жарық көрмей, 20 жыл бойы жұртшылық назарынан сырт қалып келген еді. Тек 1957 жылы Құдайберген Жұбановтың азаматтық құқығы қалпына келтіріліп, ғалымның қазақ тілі жөніндегі зерттеулерін оқырман қауымына ұсынуға мүмкіндік туды. Профессор Қ.Жұбановтың өмірі мен шығармашылығын тұңғыш зерттеген жұбановтанушы, академик Рәбиға Сыздықтың сөзімен айтсақ: «...өзінің табиғат берген бітімімен, Алла Тағала сыйлаған ақылды-парасаттылығымен, үлкен таланттылығымен, ата-анасы мен тәрбиесінен келген қабілеттілігімен, алған білім-танымымен елден ерік тұрған біртуар (феномен) тұлға» өзінің аз жасаған ғұмырында ғылым үшін баға жетпес классикалық зерттеулерін мирас етіп қалдырды.

Тіл білімнің өзіндік орны бар, маңызды бір саласы – фонетика. Сондықтан тіл дыбыстарын, оларға тән заңдылықтарды зерттеп және терминологиялық жүйесін қалыптастыру лингвистиканың осы фонетика саласының міндеті болып табылды. Қазақ фонетикасында бұл реттегі алғашқы зерттеулер профессор Қ.Жұбанов есімімен тікелей байланысты. Ғалым өзінің зерделі зерттеулері нәтижесінде қазақ тіл білімінің басқа салаларымен қатар фонетиканың да объектісін анықтап, дыбыстау мүшелері, дыбыстың саны мен сапасы, буын, сингармонизм, екпін, алфавит, орфография, терминология т.б. мәселелерге байланысты тұжырымды пікір айтып, тұңғыш рет қазақ фонетикасының ғылыми курсы жасады.

Қ.Жұбановтың ғылыми фонетиканың орны мен объектісі туралы көзқарастары. Алғашқы кезеңде зерттеушілердің бірі фонетиканы грамматика құрамында қарастырып, соған қатысты ғана сөз етсе, енді бірі оны жеке ғылым саласы деп қарады. Сондықтан фонетиканың зерттеу объектісі де әртүрлі түсіндірілді. Қ.Жұбанов бұрынғы тілші ғалымдар фонетиканы дыбыс жайындағы ғылым деп түсінетінін, бірақ табиғаттағы (күн күркіреуі, арба сылдыры, т.б.) адамнан тысқары, қоғамдық қажеттіліктен тумаған (түшкіру, қырылдау т.б.) қоғамдық (музыка т.б.) және бір тілде сөйлеушілерге түсінікті (малды шақыру, жел шақырғандағы ысқыру, т.б.) дыбыстарды фонетика тексермейтінін айтып, адамның пікір алысып, сөйлеуге қызмет ететін тіл дыбыстарын ғана фонетика өзінің зерттеу объектісі ететінін ескертеді. Ол: «Фонетика – дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым», - деп, қазақ лингвистикасында алғаш рет фонетиканың зерттеу объектісін көрсетіп берді – дейді Ә.Жүнісбеков.

**Дыбыстау мүшелері.** Қ.Жұбанов қазақ лингвистикасында бұл бағытта да алғашқы болып зерттеу жүргізіп, «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығында дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы толымды пікір айтты. Бұл оқулыққа дейінгі еңбектерде сөйлеу органдарының артикуляциясы талданбаған болатын. Бұл мәселе қазақ фонетикасына осы оқулықтан бастап енді. Қ.Жұбанов дыбыстау аппараттары өкпе, ауыз, мұрын және кедергі мүшелері деп, «өкпе, сырнайдың көрігінше, ісініп – басылып, ауаны біресе сыртқа теуіп, біресе ішке тартып тұратынын», ал ауыз, мұрын қуыстары дыбысты зорайтып тұрса, ауа ағыны бірде еріннен, бірде тіс түбі, не таңдай, не көмекейден бөгеліп, кедергіленеді де, дыбыс та кедергісіне байланысты әртүрлі шығатынын айтады. Дауысты дыбыстарды

шығаруда дыбыстау мүшелеріне, ал дауыссыздарды шығаратын кезде дәл тани білген. Дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы Қ.Жұбановтың пікірлері А.А.Реформатский, Л.Р.Зиндер, М.И.Матусевич, І.Қ.Кенесбаев, Ә.Н.Нұрмұханова оқулықтарындағы ой-тұжырымдармен ұштасып жатқандығы байқатады. Тіл дыбыстарын түрлі аспектілер арқылы зерттеп тану бағытындағы ғалым ізденістері жалпы фонетика тұрғысынан да маңызды.

**Дыбыс пен фонема.** Қ.Жұбановтың еңбек еткен кезінде фонетика мен фонологияның жігі ашылып, тіл дыбыстарының мағына айқындауға қатысын анықтауға ерекше назар аударыла бастаған еді. Әсіресе, фонема теориясы туралы көзқарастар тіл дыбыстарын фонологиялық тұрғыда тексеруге жол ашты. Фонема туралы ілімнің алғаш негізін салған И.А. Бодуэн де Куртенэ фонетиканы жаратылыстану, ал фонологияны қоғамдық ғалымдар қатарына жатқызған болса, Ф.Де Соссюр де мұны екі ғылым ретінде таныды.

Қ.Жұбанов өз кезінде Л.В.Щерба идеясы негізінде фонема теориясын терең түсініп, тіл дыбыстарын фонологиялық тұрғыда қарастырды. Сондықтан оның еңбектерінің мән бойынан «тілдік қызметі бар дыбыстарды ғана зерттеу керек» деген қағиданы аңғарып отырмыз. «Бір сөзді екіншісінен айырғанда екеуінің дыбысталуында бірдей айырмашылық болғаннан айырамыз», -деп, сөз бен сөзді айыратын негізгі белгі ретінде дыбысталу мен оның мағынамен байланысына назар аударады.

**Дауысты дыбыстар.** Қазақ тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар екендігін айтып, оларды ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік қасиеттеріне қарай алғаш рет топтастырушы В.В.Радлов болды [11,71-72]. Бірақ ол и мен у арқылы немесе жарты дауысты дыбыс деп атаған. Сондықтан Қ.Жұбанов «дыбысталу түріне қарай» дауыстыларды толық дауыстылар /а, ә, е, о, ө/, келте дауыстылар /ы, і, ұ, ү/ және қосынды дауыстылар /ұу/үу, ый/ій/ деп үш топқа бөлген. Қазақ тіліндегі дауыстылар жуан-жіңішкелігінің фонологиялық кезеңі болатынын дұрыс аңғарған ғалым жазуда олпардың әрбіреуі бір-бір таңбамен белгіленетінін айтып, ал қосынды дауыстыларда мұндай қасиет жоқ деп есептеп, ұу/үу – бір ғана у, ый/ій қосындылары й әріптерімен таңбалануын ұсынған. Жасалу түріне қарай ерін дауыстыларын /о, ө, ұ, ү/ және езу дауыстыларды /а, ә, е, ы, і/ деп топтастырған. Қазақ тілі дауысты дыбыстарын алғаш рет үш оппозициялық топқа бөліп жіктеген В.Радлов болса, оның ісі Қ.Жұбановтың ана тіліміздегі зерттеу еңбегінде жалғасын тапты. Қазақ тілі дыбыстарының жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң болып қарама-қарсы қойылуының фонематикалық мәні зор. Дауыстылардың бұл жіктелісі сингорманизм заңдылығын терең түсінуге көмектеседі десек, Қ.Жұбанов та соған сай топтастыра білген. Қазіргі оқулықтарда дауыстылар жақтың қатысына қарай ашық, қысаң болып жіктелсе, Қ.Жұбанов дыбысталу түріне қарай толық, келте деп бөлген. Олай болса, бір еңбекте артикуляциясына, екіншісінде акустикалық ерекшеліктеріне қарай топтастырылғанын көреміз. Ғалым келте дауыстылардың ерекшеліктерін дұрыс көрсеткен. Себебі қысаң дауыстылардың ғалым айтқандай «бірде сапасынан айрылып» мүкі айтылуы редукцияға бейімділігі деп білеміз. Қ.Жұбанов «сөзге ән беретін – дауысты дыбыстар» деп, қазақ тілі дауысты дыбыстарының акустика – артикуляциялық кестесін жасап, В.Радлов, А.Байтұрсынов ізденістерін жалғастырып, ғылыми – теориялық тұрғыда негіздеп берді.

**Дауыссыз дыбыстар.** Қ.Жұбанов жалпы қазаққа тән дыбыс пен оның жергілікті ерекшеліктерге байланысты қолданылуы туралы жалаң атап өтумен шектелмей, «диалектілік ен-таңбалардың қазақ тілінің қай-қай салаларынан көрініс беретінін басын ашып таныған, саралап және дәл көрсеткен».

Қ.Жұбанов: «салдыр болып, я салдыры басым болып шығатын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз», - дейді. Ол п, б, с, з, ш, ж, т, д, к, қ, ғ, г дыбыстарын ғана дауыссыз деп: «Дауыссыз дыбыстардың бәрі егіз болады да, бір сыңарының дыбысында сол салдырға болар-болмас үн қосылған болады. Дыбысы тек салдыр болып шығатын сыңарын үнсіз дауыссыз дейміз. Дыбысында салдырға үн аралас болатын үнді дейміз», - дейді. Ендеше, дауыстың қатынасына қарай Қ.Жұбанов үнсіз / п, т, с, ш, к, қ /, үнді / б, д, з, ж, г, ғ / деген

дыбыстар В.Радлов еңбектерінде – қатаң, ұяң, ал А.Байтұрсыновта қысаң жолды, босаң жолды деп аталғанын білеміз. Дыбысының созымды-созымсыздығына, яғни дыбыстың шығу, айтылу жолына қарай дауыссыздарды үздікті / т, д, п, б, к, г, қ, ғ /, үздіксіз / с, ш, ж, з / дыбыстар деп те жектеген. Бұл дыбыстар туралы І.Кеңесбаев: «Шұғыл фонемаларды айтқанда ауа үзіліп шыққандықтан бұларды үздікті деуге де болады. Ызың фонемаларды айтқанда ауа үзілмей шыққандықтан бұларды үздіксіз деуге де болады», -деп, Қ.Жұбанов ізденістерінің дұрыстығын айғақтайды. І.Кеңесбаев ғ дыбысын айтқанда зерттеулерін одан әрі дамытты. Қ. Жұбанов дауыссыз дыбыстарды артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай жабысыңқы /п, б, т, д, к, г, қ, ғ/, жуысыңқы / с, з, ш, ж/ деп топтастырған еді.

**Сонорлар.** Қ.Жұбанов ұзақ тіліндегі дыбыстарды дауысты, дауыссыз, сонор деп үш түрлі акустика- артикуляциялық топқа бөліп, « үні мен салдыры тең бірқатар дыбыстар бар, оларды сонорлар дейміз» деген еді. Ол үн мен салдыр дауыстыларға да, дауыссыздарға да тән екендігін, тек дауыстыларда – үн, дауыссыздарда салдыр басымдығына қарай екеуі бір-бірінен ажыратылатынын, ал сонорлардың «салдыры мен үні тең» болатынын айтып, у, й, р, л, м, н, ң сонор дыбыстар деп көрсетеді. Бұл жеті дыбыс та қазіргі таным бойынша үнді дауыссыздар ретінде дауыссыздар құрамында қаралатыны белгілі. Ғалым сонор дыбыстарды ауаның шығу жолына қарай тура жолды /у, и/ және айналма жолды /р, л, м, н, ң/ деп екі топқа бөлген. Шығатын орындарына қарағанда, у –еріннен, й –таңдайдан шығатын, ал жасалу түрі мен созымдылығына қарай екеуі де жуысыңқы, сондықтан екеуі де сөзуға келетін үздіксіз дыбыстар дейді.

Қ. Жұбанов айналма жолды сонорларды ауыз жолды айналма /р,л/ және мұрын жолды айналма / м, н, ң/ деп екі топқа бөліп, ауыз жолды айналма сонорлар шығарда дем мұрынмен айналып өтпейді, ауыздың өзінен шығатынына, яғни «ауыздың өзінің ішінде – ақ бұлтартып жүріп барып шығатынын» айтады.

**Сингорманизм.** Жалғамалы түркі тілдер үшін сингорманизм тіліміздің тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасқан ең басты заңдылығы болып табылады. Қ.Жұбанов: «Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингорманизм дейміз», -дейді. Ол сингорманизм деп түбір мен қосымша аралығындағы дыбыстардың үндесуін қарастырған. Сондықтан түбір сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшаның да жуан, жіңішке келуін және екі аралықтағы көрші дыбыстардың үндесуін сөз еткен.

Жалпы айтқанда, ғалым түбір мен қосымша аралығындағы барлық дыбыстардың да үндесуіне көңіл бөлген. Мұның өзі сингорманизм сөздің бүкіл өн бойында бірдей тембрдің сақталуын қамтамасыз етіп, сөз құрамындағы дауыстының да, дауыссыздың да бір сазбен айтылып, өзара үндесіп тұруы туралы Ә.Жүнісбеков тұжырымдарымен ұштасып жатқандығын танытады. Қ.Жұбанов сингорманизмнің тартына үндесу, ұмтыла үндесу атты екі түрі бар екендігін айтып, соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне ермейтін «тон мойын» қосымшаларды да көрсетеді. Қорыта айтқанда, Қ.Жұбановты қазақ фонетикасының ғылыми-теориялық негізін салушылардың бірі деп білеміз.